

Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 1201 Қаулысы

Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) Даму институттарын, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингті қоспағанда, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) инвестициялық бағдарламаларын әзірлеу ережесі;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 748 , 2008.11.12. N 1048 Қаулыларымен.

2. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 748 қаулысымен .

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 1) тармақшасын қоспаған, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 5

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 2 0 1

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Даму институттарын, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингті қоспағанда, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) инвестициялық бағдарламаларын әзірлеу ережесі

Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 748 , 2008.11.12. N 1048 Қаулыларымен.

1. Осы Акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) инвестициялық бағдарламаларын әзірлеу ережесі (бұдан әрі - Ереже)

даму институттарын, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингті қоспағанда, акцияларының бақылау пакеттері (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) (бұдан әрі - кәсіпорындар) инвестициялық бағдарламаларын әзірлеу тәртібі мен қағидаттарын айқындайды және 2006-2008 жылдарға арналған жоспарларды әзірлеуден бастап, орта мерзімді жоспарлау мақсаттары үшін қ о л д а н ы л а д ы .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.20. N 748 , 2008.11.12. N 1 0 4 8 Қ а у л ы л а р ы м е н .

2. Ереженің мақсаты инвестициялық шешімдерді, оның ішінде осы процесті тәртіпке келтіру кезінде кәсіпорындарды мемлекеттік басқарудың (басқаруға қатысудың) тиімділігін арттыру болып табылады.

3. Кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламалары қабылданған стратегиялық жоспарларды, мемлекеттік, салалық өңірлік бағдарламаларды іске асыруға бағытталған және мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясатқа сай келуі тиіс.

4. Инвестициялық бағдарлама кәсіпорынның даму жоспарының (қаржы-шаруашылық қызмет жоспарының , шаруашылық қызмет жоспарының) тиісті бөлімі болып табылады. Инвестициялық бағдарлама үш бөлімшеден тұрады - " Инвестициялық ахуалды бағалау", "Инвестициялық басымдықтар мен бағыттар" және " И н в е с т и ц и я л ы қ ж о с п а р " .

5. Инвестициялық ахуалды бағалау осы саладағы (аядағы) ахуалды талдауды, кәсіпорынның инвестициялық саясатын қалыптастыруға негізделетін кәсіпорынның ондағы рөлі мен ұстанымын көздейді.

Инвестициялық бағдарламаның осы бөлімшесі үш деңгейлі талдау негізінде қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы , о л а р :

республиканың (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың) саласындағы (аясындағы) инвестициялық ахуалды талдау - 1-деңгей;

кәсіпорын қызметінің мүддесіне, ерекшелігіне, мақсаттары мен міндеттеріне қолданылатын 1-деңгей нәтижелерін талдау - 2-деңгей;

инвестиция түрлерін, инвестициялық ниет жобаларының құнын, қол жетімді жобалар спектрін, инвестициялауға болатын болжалды қаржыландыру көздерін, инвестициялық ниеттерді іске асыру болжамы мен сипаттамасын, сондай-ақ жоспарланып отырған инвестициялық шешімдерді қабылдауға байланысты тәуекелді айқындауды қамтитын кәсіпорынның әлеуетті мүмкіндігіне қолданылатын 2-деңгейдің н ә т и ж е л е р і н т а л д а у .

Әрбір деңгей бойынша талдау нәтижелері дәл белгіленген әрі нақты тұжырымдар т ү р і н д е т ү й і н д е л е д і .

6. Инвестициялық басымдықтар мен бағыттар мазмұны жағынан инвестициялық ниеттердің инвестициялық жобаларын кейіннен келесі жылы инвестициялық жоспарға

қосу үшін оларды одан әрі жан-жақты, егжей-тегжейлі зерделеудің және негіздеудің орындылығын алдын ала қағидатты түрде бағалау кезеңін білдіреді.

Инвестициялық бағдарламаның осы бөлімшесі инвестициялық ахуалды бағалаудың нәтижелері негізінде әзірленеді және кәсіпорынның инвестициялық саясатының негізгі басымдықтары мен міндеттерін, сондай-ақ кәсіпорынның инвестициялық ниеттерін көрсететін белгіленген инвестициялық жобалар кешенін қамтиды.

Инвестициялық ниеттер алдын ала есептеулер мен негіздемелерді, қаржыландыру көздері мен схемаларын, өтелу мерзімін, сондай-ақ инвестициялық ниеттерді өзгеше с ү й е м е л д е у д і қ а м т и д ы .

7. Кәсіпорынның - табиғи монополия субъектісінің инвестициялық басымдықтары мен бағыттарына қосылған жобалар іске асыру кезеңінде олардың тарифтерге (бағаларға, алым ставкаларына) әсер ету мүмкіндігін алдын ала бағалау тұрғысында табиғи монополияларды реттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісілуі тиіс. Бұл ретте инвестициялық бағыттардың жобаларын алдын ала келісу (жобаларды инвестициялық жоспарға қосқанға дейін) оларды міндетті түрде іске асырудың шарты болып т а б ы л м а й д ы .

8. Инвестициялық жоспар алдыңғы жылғы инвестициялық бағдарламаның инвестициялық басымдықтары мен бағыттарында қаралған кезде бұрын мақұлданған инвестициялық жобалардың тізбесі мен паспорттарын білдіреді.

Инвестициялық жоспарға қосылған жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесі, сараптамалық қорытындысы, салалық қорытындысы, нақты қаржыландыру көздері және оларды іске асыру жөніндегі басқа да тіркелген өлшемдері болуы тиіс.

Инвестициялық жоспарға қосылған әрбір инвестициялық жобаның паспорттың жинақталған нысанда инвестициялық жобаның негізгі өлшемдері, сондай-ақ нақты (өлшенетін) көрсеткіштер көрсетіледі. Атап айтқанда, инвестициялық жоба туралы жалпы ақпарат, оның сипаттамасы, жобаны басқару схемасы, инвестицияларды пайдалану бағыты, өнімнің (қызметтердің), өткізу рыногының сипаттамасы, жобаны пысықтау дәрежесі, қаржы-экономикалық көрсеткіштері, қайтару кепілдіктері және тәуекелдер, жобаның бюджеттік және әлеуметтік тиімділігі көрсетіледі.

Паспорттың нысаны мен көрсеткіштерінің құрылымдалған тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын даму жоспарлары (қаржы-шаруашылық қызметінің, шаруашылық қызметінің жоспарлары) бөлімдерінің құрылымы, нысандары және көрсеткіштері тізбесі шеңберінде бекітіледі.

Жоғарыда көрсетілген талаптармен қатар жобаларды міндетті түрде іске асыру оларды инвестициялық жоспарға қосудың айқындаушы шарты болып табылады.

9. Кәсіпорындардың даму жоспарларының (қаржы-шаруашылық қызметі жоспарларының, шаруашылық қызметі жоспарларының) бөлімдері бола отырып, инвестициялық бағдарламалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен әзірленеді.

10. Кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламалары Қазақстан Республикасының және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеу үшін ақпарат көзі және активтерді басқару саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

Іске асырылуы жоспарланып отырған кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламаларын бекітілген және әзірленетін республикалық және өңірлік орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларымен үйлестіру мақсатында олардың тиімділігі және орта мерзімді жоспарлау шеңберінде жүзеге асырылатын мемлекеттік саясатпен келісілуі тұрғысында кешенді бағалау жүзеге асырылады.

11. Бекітілген республикалық және өңірлік әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді жоспарлары кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламаларын тиісінше түзету үшін (соңғыларында орта мерзімді жоспарлау шеңберінде жүзеге асырылатын мемлекеттік саясатқа қағидатты қарама-қайшылықтар табылған кезде) негіз болып табылады.

Бұл мақсатта кәсіпорындарға қатысты республикалық (коммуналдық) меншік құқығы субъектілерінің функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар (кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган тиісті салада (секторда) мемлекет саясатын жүргізуге уәкілетті мемлекеттік орган немесе экономикалық жоспарлау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган болып табылмаған жағдайда) республиканың (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың) тиісті саласында (аясында) мемлекеттік саясатты жүргізуге уәкілеттік берілген орталық (жергілікті) мемлекеттік органдарға, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың) орта мерзімді жоспары шеңберінде тиісті саладағы (сектордағы) инвестициялық саясаттың тиімділігі мен оның келісілуі тұрғысында тиісінше түзетуді жүзеге асыру және салалық бағалауды жүргізу үшін инвестициялық бағдарламаларды уақтылы тапсыруды қамтамасыз етеді.

12. Республиканың (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың) тиісті саласында (аясында) мемлекеттік саясатты жүргізуге уәкілетті орталық (жергілікті) мемлекеттік органдар кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламаларын бағалаудың (және енгізілген түзетулердің) нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының алдағы үш жылдық кезеңге арналған орта мерзімді жоспары жобасының инвестициялық саясат бөлімін әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады және экономикалық жоспарлау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті орталық (жергілікті) органға (кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламаларын бағалау жөніндегі қорытындыларды қоса бере отырып) жібереді.

13. Экономикалық жоспарлау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті жергілікті мемлекеттік орган қарау (түзету), облыстың (республикалық маңызы бар

қаланың) әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары жобасының инвестициялық саясат бөлімін әзірлеу жөніндегі салалық ұсыныстарды кешенді бағалауды және жинауды жүргізу рәсімдерін жүзеге асырғаннан кейін осы бөлімді экономикалық жоспарлау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті орталық мемлекеттік органға жібереді.

14. Кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламаларына кешенді бағалау жүргізу жөніндегі рәсімдерді жүзеге асыру мерзімдерін республиканың (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органы республиканың (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың) кешенді бағалауды жүзеге асыру процесіне қатысатын өзге де мемлекеттік органдарына уақтылы жеткізеді. Кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламаларына кешенді бағалау жүргізу мерзімдерін белгілеген кезде мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеу үшін белгіленген мерзімдерді ескеруі тиіс.

Р 0 9 1 2 5 1

15. Кәсіпорындардың инвестициялық бағдарламаларын қарау барысында мемлекеттік органдар:

инвестициялық бағдарлама бойынша қосымша ақпаратты талап етуге;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен инвестициялық бағдарламаны бағалауды жүргізу үшін тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерді тартуға;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің (облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдігінің) қарауына инвестициялық бағдарламаларды бағалау барысында туындайтын жекелеген мәселелерді шешу үшін ведомствоаралық жұмыс топтарын құру жөніндегі ұсыныстарды беруге құқылы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 5 қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1 2 0 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 қазандағы № 1543 қаулысында :

1-тармақ "капиталына" деген сөзден кейін "даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген" деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Қазақстанның Даму банкі" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 659 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 18, 232-құжат):

1-тармақ "капиталына" деген сөзден кейін "даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген" деген сөздермен толықтырылсын.

3. "Отандық өндірушілерді мемлекеттік қолдауды күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 қарашадағы N 1204 қаулысында :

3-тармақтағы "капиталына" деген сөзден кейін "даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген" деген сөздермен толықтырылсын.

4. "Экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 442 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 19, 195-құжат):

1-тармақ "капиталына" деген сөзден кейін "даму институттары жүйесінің қалыптасуымен негізделген" деген сөздермен толықтырылсын.

5. "Қазақстанның Инвестициялық қоры" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 501 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 23-24, 222-құжат):

1-тармақ "капиталына" деген сөзден кейін "даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген" деген сөздермен толықтырылсын.

6. "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 мамырдағы N 502 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 23-24, 223-құжат):

1-тармақ "капиталына" деген сөзден кейін "даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген" деген сөздермен толықтырылсын.

7. "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыруға бағытталған ғылыми-инновациялық қызметті институционалдық қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 775 қаулысында :

1-тармақтағы "капиталында" деген сөзден кейін "даму институттары жүйесінің қалыптасуына негізделген" деген сөздермен толықтырылсын.

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.08.27. N 1251 Қаулысымен.

Ескерту. 9-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.31. N 222 қаулысымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК